

БЕКІТЕМІН
Бірінші проректор
Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ
_____ С. Рахметуллина
« _____ » _____ 2021 ж.

**«Green Campus - қоқысты бөлек жинау»
БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде (бұдан әрі - Университет) «Green Campus – қоқысты бөлек жинау» байқауын (бұдан әрі - Конкурс) өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.;

2. Байқаудың ұйымдастырушысы «Green Campus» жобасының жұмыс тобы мен университеттің әлеуметтік-тәрбие жұмысы және азаматтық даму басқармасы болып табылады.

2 БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

«Green Campus - қоқысты бөлек жинау» байқауы студент жастардың қоқысты бөлек жинау және қағаз бен пластикті қайта пайдалану мәселесі туралы хабардарлығын арттыру, экологиялық ойлау мен мінез-құлықты қалыптастыру мақсатында өткізіледі;

Байқаудың негізгі міндеттері:

- 2021 жылы болатын Green Metric халықаралық рейтингінде университеттің позициясын арттыру;
- байқау нәтижесінде кампуста іске асырылуы мүмкін бірегей «жасыл» идеяларды жүзеге асыру;
- университеттің «жасыл» қызметі туралы студенттердің хабардарлығын арттыру;
- волонтерлік қызметті дамыту;
- студенттерді қоғамдық және шығармашылық қызмет саласында көтермелеу болып табылады.

3 БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

Байқау тапсырмасы:

Қоқысты бөлек жинауға арналған қоқыс салатын жәшіктің түпнұсқасының дизайнын әзірлеу.

Сипаттамасы сурет түрінде берілген қоқысты бөлек жинауға арналған қоқыс жәшігінің дизайнын ұсыныңыз.

Жұмысқа қойылатын талаптар:

- 1) сурет кез-келген графикалық редакторда немесе қолмен ақ қағаз парағында орындалған және сканерленген болуы керек;
- 2) сурет JPEG форматында 300 dpi төмен емес рұқсаттамасымен ұсынылуы керек;
- 3) суретте бұйымның өлшемдері көрсетілген, түрлі-түсті болуы керек;
- 4) қоқыс салатын жәшікті дайындау үшін нарықта арзан қолжетімді материалдарды (қандай да бір сыйымдылықтарды; дайын бұйымдарды, мысалы, пластикалық шелектерді екінші рет пайдалану) пайдалануды көздеуге мақсаттандырылған болуы шарт;
- 5) дайындалуы қарапайым болу керек;
- 6) қоқыстың төрт түрін - пластикті, қағазды, шыныны және сұрыпталмаған қалдықтарды бөлек жинауға арналған болуы шарт;
- 7) сыртқы пішіні қызықты және тартымды көріністе болуы керек;
- 8) қолдану аясында (қақпағының болуы, қоқыс салуға арналған қалтаны пайдалану мүмкіндігі, қоқысты түсіру қарапайым және жеңіл болуы) қарастырылуы керек;
- 9) суретке идеяның түсіндірмесі, қажетті материалдар, олардың саны мен құны (мүмкін болған жағдайда), дайындау процесі толық берілген сипаттамасы болуы шарт.

Байқау тиісті қорытындылар шығара отырып, бір рет өткізіледі.

Байқауды өткізу кезендері мен мерзімдері:

- 1) хабарландыруды орналастыру және байқау жұмыстарын қабылдау (08.02.2021-20.02.2021);
- 2) байқау комиссияның жұмыстарды бағалауы (21.02.2021 – 24.02.2021);
- 3) байқау қорытындысын шығару, жеңімпаздарды марапаттау (25.02.2021).

Жұмыстар «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасының bgd.ekstu@mail.ru электрондық пошта мекенжайына жұмысқа қойылатын талаптарға сай электронды түрде ұсынылады.

Байқауға жіберілетін файлдарға конкурсқа қатысушының аты-жөні көрсетіледі.

Белгіленген мерзімнен кейін жіберілген және байқаудың тақырыбына сәйкес келмейтін жұмыстар байқауға қатысуға жіберілмейді.

4 БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

Байқауға университеттің барлық мамандықтары мен күндізгі оқу курстарының студенттері жеке немесе шығармашылық топпен 2-3 адам қатыса алады.

Әр қатысушыдан (шығармашылық топтан) жұмыстардың шектеусіз саны қабылданады.

Оқытушылар байқауға ұсынылатын жұмыстардың жетекшілері бола алады. Жетекші ретінде қатысу оқытушының КРІ-да есептеліну мүмкіндігіне ие болады.

Байқауға қатысу үшін өтінім 1-қосымшаға сәйкес толтырылады.

5 БАЙҚАУДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Байқауды дайындау және өткізу үшін байқауды ұйымдастырушы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- мектептердің/факультеттердің және студенттік өзін-өзі басқару органдарының байқауды өткізу шарттары, сондай-ақ оның қорытындылары туралы хабардар болуын;
- байқау материалдарына мониторинг жүргізу;
- байқау материалдарын байқау комиссиясына беру;;
- қатысушыларға байқау шарттарын түсіндіру;
- байқауды бағалау критерийлерін анықтау;;
- байқау барысын бақылауды жүзеге асырады;
- байқауды ұйымдастырумен және өткізумен байланысты өзге де функцияларды орындау.

6 БАЙҚАУ КОМИССИЯСЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ТӘРТІБІ

Байқау жеңімпаздарын айқындауды Байқау комиссия жүзеге асырады. Байқау комиссияның мүшелері өз қызметінде кәсібилік, сапа, бейтараптылық және әділеттілік қағидаттарын басшылыққа алады.

Әрбір жұмысты Байқау комиссия мүшелері 10 балдық шкала бойынша бағалайды. Әрі қарай, әр жұмыс үшін орташа баға анықталады. Нәтижелер талқыланғаннан кейін, байқау комиссияның шешімі көпшілік дауыспен қабылданады.

Жұмыстарды бағалау кезінде байқау комиссиясының мүшелері келесі критерийлерге сүйене отырып, оның деңгейін бағалайды:

- жұмыс талаптарына сәйкестігі;
- сюжеттік-бейнелік шешімнің бірегейлігі;
- жұмысты орындау және эстетикалық безендіру сапасы;
- плакатта орналастырылған қоқыс салатын жәшіктің өзіндік ерекшелігі.

Байқау комиссиясының шешімі Байқау комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

Байқау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы: Рахметуллина С.Ж., бірінші проректор;

Комиссия мүшелері:

Идришева Ж.К., «ҚОҚжәнеӨТҚ» ББ басшысы, «Green Campus» жобасының жетекшісі;

Қасенова А.Е. - әлеуметтік коммуникация орталығының бас маманы;

Казыкешова А.Т.- әлеуметтік-тәрбие жұмысы және азаматтық даму басқармасының бастығы;

Чернов П.А.- 19-БЖТ-1 тобының студенті, «Клевер» экоклубының төрағасы»;

Комиссия хатшысы:

Петрова О.А., «ҚОҚжәнеӨТҚ» ББ аға оқытушысы.

7 ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

1. Университет басшылығы жеңімпаз студенттерді марапаттау үшін байқаудың жүлде қорының нысаны мен мөлшерін анықтайды.

2. Байқау нәтижелері университеттің бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

3. Байқау жеңімпаздары салтанатты түрде жарияланады және марапатталады.

1 қосымша

Байқауға қатысуға өтінім:

Байқаудың тақырыбы:

Автор:

Тегі:

Аты:

Әкесінің аты:

Жетекші (егер бар болса) (аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы):

Телефоны (автор/жетекші):

e-mail:

Жұмыстың атауы:

Жұмыстың жөнелтілген күні: